

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 783 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 41, 461-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережеде:

1-тармақтың бірінші абзацы "орындау үшін" деген сөздерден кейін "сондай-ақ кәсіптік деңгейі мен біліктілігін арттыру және қайта даярлану" деген сөздермен толықтырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызы" деген сөздер "бір айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) т а р м а қ ш а д а :

"депутаттары үшін" деген сөздер "депутаттары, Жоғарғы Сот судьялары үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және Алматы" деген сөздер ", Алматы, Атырау, Ақтау және Байқоңыр" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жеті есе", "төрт есе", "үш есе" және "екі есе" деген сөздер тиісінше "он есе", "бес есе" "төрт есе" және "үш есе" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі